



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қайта өңдеу мәселесі пысықталды

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте АӨК-те қайта өңделген өнімдердің үлесін арттыру мәселелері қаралды.

Қатысушылар ауыл шаруашылығындағы өнімділікті арттыру, импортты алмастыратын жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу жөніндегі шараларды, сондай-ақ жеңілдікпен несие беру, субсидиялау, көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу және басқа да бірқатар мәселені талқылады.

Алдағы жылдары ет, бидай, сүт және басқа да шикізатты өңдеу жобаларына басымдық берілетіні атап өтілді. Атап айтқанда, АӨК саласындағы ірі өнеркәсіп жобаларын іске асыру бойынша СҚО-ның тәжірибесін басқа өңірлерге тарату жұмыстары жалғаспақ.

Премьер-министр мемлекет әрі қарай да ауыл шаруашылығын дамытуға кешенді қолдау көрсететінін атап өтті. Бұл ретте негізгі мақсаттардың қатарында сапалы азық-түлік өндірісін ұлғайту және жаңа жұмыс орындарын құру шаралары бар.

Сонымен қатар Әлихан Смайылов мемлекеттік қаражаттың тиімді игерілуіне бақылауды күшейтуді талап етті. Бұл, сондай-ақ қолдағы қорларды іске қосуға, жаңа субсидиялау тәсілдерін әзірлеуге, жобаларды сапалы түрде іріктеуге және тауар өндірушілердің қарсы міндеттемелерді сақтауына да қатысты.

Талқылау қорытындысы бойынша Премьер-министр уәкілетті мемлекеттік органға бірқатар тапсырма берді.



Мемлекет басшысы бизнес өкілдерімен кездесті


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесу өткізді.

Жиын барысында ұлттық экономиканы сапалы әрі орнықты дамытудың өзекті мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, кәсіпкерлер макроэкономикалық саясат, соның ішінде жаңа Салық

кодексін әзірлеуге және экономиканың нақты секторына қолжетімді несие беруге қатысты пікірлерін ортаға салды. Экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыру аясында жүйелі цифрландыру, көлік-логистика саласын белсенді түрде дамыту, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толыққанды пайдалану,

экономиканы индустрияландыру, әсіресе, отандық автомобиль өнеркәсібін ілгерілету мәселелері көтерілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев айтылған ұсыныстардың барлығы жинақталып, нақты шаралар қабылданатынын айтты.



Астана қаласының оқушысы Президенттен ерекше сый алды

Астана қаласының оқушысы Кемел Жүсіпов өзінің туған күнінде Президентке хат жазды. Хатында ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолтаңбасы жазылған «Әке туралы ой-толғау» кітабын сыйлыққа алғысы келетінін, сондай-ақ Президентті көргісі келетінін жазды.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелжұлы, менің атым сіздің әкеңіздің есімімен аттас - Кемел. Бүгін менің туған күнім және осыдан тура 12 жыл бұрын ата-анам маған бұл есімді қойған. Мен Астана қаласында тұрамын және осы жерде оқимын. Менің сүйікті пәндерім - Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарихы және география. Әртүрлі елдердің банкноттары мен тиындарын да жинаймын. Мен саяхаттауды жақсы көремін және әлемнің төрт елінде болдым.

Мен бүкіл әлемді саяхаттауды армандаймын. Мен әр сапарымда жаңа адамдармен танысып, араласамын. Сізді

көріп, сізбен сөйлесіп, қолтаңбаңыз жазылған «Әке туралы сөз» кітабын алуды армандаймын. Менің хатымды оқып, арманым орындалады деп сенемін», деп жазды жасөспірім.

Баланың айтуынша, 21 желтоқсанда оның арманы орындалды. Ол анасымен бірге Президент әкімшілігіне шақырылды, сондай-ақ сыйлыққа кітап алды.

«Кемел Жүсіповке өмірде ақ жол тілейміз! Азамат бол!», деп Мемлекет басшысы қол қойды.

Бала сыйлық үшін ел Президентіне алғысын білдірді.

«Президент менің хатымды оқыды. Ал мен Қасым-Жомарт Кемелжұлы Тоқаевтың қолтаңбасы мен тілектері жазылған кітапты сыйлық ретінде алдым. Менің арманым орындалды, мен оған әлі сенбеймін. Сізге көп рахмет», деп бала Instagram желісінде алғысын білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚАЗАҚСТАН-ҚАТАР: Ықпалдастықты кеңейту

Премьер-министр Әлихан Смайылов Қатар мемлекетінің Қазақстандағы елшісі Абдулазиз бен Сұлтан Әл-Румейхимен кездесу өткізді.

Үкімет басшысы Қатар Қазақстанның араб әлеміндегі маңызды саяси және экономикалық серіктесі екенін атап өтті. 30 жыл бұрын дипломатиялық байланыс орнатылған. Ал кейінгі жылдары екіжақты қарым-қатынастар орнықты дамып келеді, оған екі ел басшыларының белсенді байланыстары ықпал

шамамен үш есеге өсті. Десе де, сауда және инвестициялық әріптестікті арттыруға әлі де әлеует бар екені анық. Біз қолда бар мүмкіндіктерді кеңейтуге мүдделіміз. Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешенде бірқатар жобаны бірлесіп жүзеге асыру перспективалары бар екенін ерекше ықыласпен атап өткім келеді», деді Премьер-министр.

Әңгіме Ақмола облысында бидай өңдеу зауытының құрылысы туралы болып отыр. Жоба құны шамамен – 200 млн доллар.



етті.

Әлихан Смайылов қазан айында Дохада өткен жоғары деңгейдегі Қазақстан-Қатар бірлескен комиссиясының 6-отырысының табысты болғанын атап өтті. Сонымен қатар отырыс аясында екі елдің 150-ден астам кәсіпкерінің қатысуымен бизнес форум ұйымдастырылды.

«Аталған іс-шаралар біздің сауда-экономикалық байланыстарымыздың кеңеюіне айтарлықтай серпін береді. Айта кету керек, былтыр біздің экономикаға тартылған Қатар инвестициясының көлемі үш есе өсті. Сондай-ақ 10 айда тауар айналымының көлемі

Қазіргі уақытта оның тұжырымдамасы мен серіктестік шарттары пысықталып жатыр.

«Қазақстанда бизнесті дамытуға қолайлы барлық жағдай бар. Біз өз тарапымыздан қажетті қолдау көрсетуге дайынбыз», деді Әлихан Смайылов.

Абдулазиз бен Сұлтан Әл-Румейхи мырза Үкімет пен ел басшылығының жылы қабылдауы мен қолдауы үшін ризашылығын білдірді. Елші Қатардың екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға, бизнес жобаларды жүзеге асыруға және инвестициялық әріптестікті нығайтуға үлкен қызығушылық танытып отырғанын атап өтті.

Тарихы сонау көне ғасырдан сыр шерткен, сыр мен жырға толы теріскей өңірі үшін биылғы жыл табысты болды. Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков жыл басынан бері ай сайын ауыл, елді мекендерді тынбай аралады. Әр ауыл мен елді мекендерге 4-5 реттен барып, атқарып жатқан жұмыстар туралы есеп берді. Ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, әрбір күрделі мәселелерді халықпен бірлесіп отырып шешті. Мұнан бөлек тұрғындарды 12 рет жеке мәселелері бойынша қабылдады. Бастысы қандай жағдай болмасын халықпен бірге екендігін дәлелдеді. Міне, жыл бойы атқарылған жұмыстың нәтижесінде Мұхит Тұрысбеков басшылық еткен Созақ ауданы, Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму рейтингі бойынша көш бағына орналасты.



орталығынан шалғайда орналасқан, бірдебір көшесіне асфальт бармаған шағын елді мекендер сапалы жолмен қамтылды. Нәтижесінде аудан бойынша 403 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелері өткен жылы 239 шақырымы 59% асфальт болса, биылғы жылдың қорытындысымен 266 шақырымға 66%-ға жетіп отыр. «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 22,4 шақырымды құрайтын 18 көшеге, жергілікті бюджеттен 11,6 шақырымдық 11

Бүгінде әлемдік өркениетке бет алған еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы саланың жандануына ерекше көңіл бөліп келеді. Жыл сайын заманауи үлгіде мектеп пен балабақшалар тұрғызылып, оқу-тәрбие мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Мұны біздің аудан өмірінен де көруге болады. Ауданымызда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық Ы. Алтынсарин атындағы жаңа мектептің құрылысы басталды. «Жайлы мектеп» жаңа модификацияланған кабинеттермен жабдықталып, оқушылардың сапалы білім алуларына, түрлі үйірмелерге қатысып, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер құрамының пайыздық үлесін, педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін

ТЕРІСКЕЙДЕ АТҚАРЫЛҒАН ОҢ ІСТЕР

ТАБИҒИ АПАТ САЛДАРЫ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖОЙЛДЫ

Биылғы жылдың 3-ші қаңтар күні Созақ ауданының аумағында қар аралас жауын мен қатты дауыл салдарынан тау бөктеріндегі ауыл округтер мен елді мекендерде электр бағаналары құлап, сымдары үзілді. Орын алған жағдай бойынша аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков шұғыл түрде зардап шеккен ауыл округтер мен елді мекендерді аралап, боран салдарын жою, электр желісін қалпына

өтетін облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары қарқын алды. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан өткен жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 152 шақырымына асфальт салу жұмыстары басталған. Бұл орайда, «КХ-2 Ұланбел-Созақ-Екпінді» бағытындағы автомобиль жолының Шолаққорғаннан Ыбырайға дейінгі 83 шақырымы, «КХ-57 Созақ-Қарағұр-Бақырлы» автомобиль жолының Созақтан Қарағұрға дейінгі 30 шақырымы және «КХ-56 Жамбыл облысы-

көшеге асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілді.

АУДАНДА 54 КӨШЕГЕ ЖАРЫҚ ОРНАТЫЛДЫ

Биыл аудан аумағындағы ауылдық округтердің орталық көшелеріне көше жарықшамдарын орнату жұмыстары қарқынды жүрді. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының тапсырмасымен көше жарықтандыру жұмыстары шағын елді мекендерде көптеп қамтылды. Мәселен жыл ба-

арттыруға толықтай жағдай жасалды.

ОҚУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ҮШІН ЖАҢА АВТОБУС БЕРІЛДІ

Қазіргі таңда балалардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуы мемлекетіміздің басты назарында. «Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін мектептерді автобустармен жарақтандыру жөніндегі «Жол картасы» аясында заман талаптарына сай жабдықталған 3 автобус ауданымызға жеткізіліп, Заман талаптарына сай жасақталған автобустармен Басбұлақ -Қозмолдақ, Қылта -Тасты және Қарабұлақ - Балдысу бағыты бойынша 105 бала тасымалдануда.



келтіру үшін әр ауыл округ бойынша жауыпты етіп тиісті бөлім, мекеме басшыларын бекітіп, арнайы тапсырмалар жүктеді. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС тарапынан өзге аудан, қалалардан арнайы бригадалар мен аудан әкімдігі қызметкерлері күшейтілген жұмыс тәртібіне көшіп, уақытпен санаспай бірлесіп жұмыс атқарды. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы қайнаған жұмыс басында болды. Күнде кешкі сағат 22:00 де жауапты мамандармен жиын өткізіп, келелі күннің жоспарларын бекітті. Сонымен қатар, аудан аумағындағы өндіріс орындары мен «ТорланСтрой» ЖШС-нің арнайы техникаларын да қоса жұмылдырды. Бірқатар елді мекен тұрғындары арасынын ел ағалары мен ерікті жастар аталған жұмысқа ұйымшылдықпен жұмыла білді. Нәтижесінде 15 қаңтар күні жауын мен дауылдың салдарынан орын алған жағдайлар толықтай қалыпқа келді.

ТЕРІСКЕЙДІң ЖОЛДАРЫ ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС

Бүгінде Созақ ауданын кесіп

ның шекарасынан Құмкент-Шолаққорған-Ащысай» жолының Шолаққорғаннан Құмкентке дейінгі автомобиль жолының 39 шақырымы бойынша асфальт жабындысын төсеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Нысандар 2024 жылға өтпелі. Сондай-ақ биылғы жылы аудан

сынан бері аудан көлемінде 54 көшеге жарықшамдары орнатылып, оның игілігін халық көруде.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



ЗАМАНАУИ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Бүгінде аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аудан спортшылары мен спорт саласына ерекше көңіл бөлуде. Биыл Шолаққорған ауылынан заманауи үлгідегі 200 орындық «Спорттық-сауықтыру» кешенінің құрылысы басталды. Жалпы ауданы 3 га болатын спорт кешенінің оқу-жаттығу базасы да барлық заманауи талаптарға сай. Кешенде түрлі облыстық, республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қолайлы жағдай жасалған. Екі қабатты ғимаратта волейбол және баскетбол алаңдары, күрес және аралас жекпе-жек пен боксқа арналған зал, бассейн, футболмен айналысуға арналған ашық спорт алаңы бар. Спорт ғимараты облыста жоқ теңдессіз кешен болмақ.



СОЗАҚТА 1030 ОРЫНДЫҚ ФУТБОЛ АЛАҒЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Созақ ауылында заман талабына сай жабдықталған 1030 орындық спорт алаңы ашылып, ел игілігіне ұсынылды. Мұнда жастар мен жасөспірімдердің футбол ойнап, спортпен шұғылдануға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаттықтырушылар мен төрешілерге жеке кабинеттер, командалардың киім ауыстыруы мен жуынуына арналған арнайы бөлмелер қамтылған. Бұдан бөлек жаттығу залдары, «Street workout» және баскетбол алаңы бар. Бұл мәселе де халық тарапынан көтеріліп, аудан басшысы көпшіліктің талап тілегін орындады.

АУЫЛ ЖАСТАРЫНА АРНАЛЫП 6 СПОРТ НЫСАНЫ САЛЫНДЫ

Биылғы жылы аудан жастарын жеке тұлға етіп қалыптастырып, болашаққа деген сенімін нығайту, ізгілікке, еңбекқорлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеп, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бірқатар жобалар іске асырылды. Атап айтсақ; Қаратау ауылында жергілікті бюджет есебінен жабық үлгідегі кіші футбол алаңы пайдалануға берілді. Алдағы уақытта дәл осындай ойын алаңын барлық ауылдық округтерден салу жоспарлануда. Сондай-ақ Шолаққорған ауылының С.Әбуов және А.Спатаев көшесі



мен Сарыжаз елді мекенінен демеушілер есебінен балалар ойын алаңшалары мен кіші футбол алаңшасы, Шу ауылынан баскетбол, волейбол алаңшасы мен «Street workout» және балалар ойын алаңшасы ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұған қосымша аудан орталығындағы Жібек жолы-2 көшесінің төменгі тұсынан демеушілер есебінен салынып жатқан кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңшасының құрылысы жақын күнде аяқталады.

ЖЫЛЫБҰЛАҚ КАНАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Құмкент ауылдық округі тұрғындары көптен бері көтеріп жүрген Жылыбұлақ каналының құрылысы басталды. Канал құрылысы аяқталса 750 гектар суармалы жер игеріліп, су жеткілікті мөлшерде келеді. айта кету керек, осы кезге дейін бұлақ

суы жерге сіңіп, осынша жерді сумен қамтамасыз ету біршама қиындықтар туғызған болатын.

Сондай-ақ Қаратау, Қарақұр, Жуантөбе ауылдарында қатты қалдықтар тастайтын орындардың құрылысы басталды. Сонымен қатар, Созақ, Таукент, Жартытөбе және Жуантөбе, Қаратау, Қыземшек, Шу ауылдарында мал өлекселерін тастайтын беккери шұңқыры салынды.

ХАЛЫҚТЫ ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Қазіргі уақытта Шолаққорған ауылының «Ақшам және Наурыз» шағын аудандырының тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамту мақсатындағы құрылыс жұмыстары жүрді. Қарабұлақ, Балдысу, Басбұлақ, Саржаз және Сызған елді мекендерін орталықтандырылған ауыз сумен қамту үшін құрылыс жұмыстары басталды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 205 АЗАМАТ 1 МЛРД 123 МЛН ТЕҢГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Биылдан бастап республика бойынша іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын жеңілдетілген несиелер берілуде. Бұған дейін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кәсіпкерлікті дамытуға арналған пилоттық жобаны ұтымды пайдалану бойынша сала орынбасары мен жауапты мамандарға тапсырмалар жүктеді. Бүгінгі таңда аталған бағдарлама бойынша Созақ, Шолаққорған, Жартытөбе және Құмкент ауылдық округтерінен 205 азамат 1 млрд 123 млн теңге жеңілдетілген несиелер алды.

АУДАНДА 65 АЗАМАТ 89 МЛН 700 МЫҢ ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ АЛЫНДЫ

Бүгінде ауданымызда мемлекеттік қолдаудың арқасында қайтарымсыз несиелер алып, өз кәсібін ашқандар қатары жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен жыл басынан бері 65 азамат

89 млн 700 мың теңге қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін ашты.

Бұдан бөлек «Қуатты өңірлер: ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында аудандағы 21-35 жас аралығындағы 17 азамат Түркістан облысы «Агронесие корпорациясы» АҚ арқылы 82 млн, 600 мың теңге 2,5%-дық шағын несиелер алды.

«ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ» АУМАҒЫ ҰЛҒАЙЫП АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНДЫ

Аудан әкімінің бастамасымен Шолаққорған-Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағындағы 3 гектар жерге өткен жылы көктем айында 3500 түп көшет егілді. Көркейтуді жұмысы биыл да жалғасын тауып, «Жасыл белдеу» аумағы 1,8 гектарға артып, 2 мыңнан аса көшет отырғызылды. Оның ішінде 1000 түп гүжім талы болса қалғаны қара талдар. Мұнда бүгінге дейін 6 мыңнан астам тал егілді. Тал көшеттері отырғызылған аумақ шарбақтармен қоршалған. Бүгінде өткен жылы отырғызылған тал көшеттері толықтай өніп тұр. «Жасыл белдеу» аумағы жыл сайын ұлғайтылып отыратын болады.

Биылғы жылы Шолаққорған ауылының орталық маңызы бар Жібек жолы және С.Қожанов көшелері бойындағы тұрғын үйлер мен кәсіптік нысандардың сыртқы келбеттерін ретке келтіру мақсатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан әкімдігінің дербес бөлімдерін арнайы секторларға бекітіп, тапсырмалар жүктеді. Тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандардың қасбеттері қалыпқа келтіріліп, шарбақтарын бояу жұмыстары жүргізілді.

ЫБЫРАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ЖАҢА БІЛІМ ОРДАСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Ыбырай елді мекенінің тұрғындары бірнеше жылдан бері жаңа білім ордасының керектігін айтып дабыл қағып келеді. Тұрғындар аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің халықпен кездесу барысында да бұл мәселені көтерді. Халық ұсынысын назарға алып, Құрманғазы атындағы 200 орындық жалпы орта мектебінің құрылысын бастады. Қазіргі таңда жаңа білім ошағының ішкі кабинеттеріне қажетті жабдықтарды орналастыру жұмыстары жүруде. Жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.



САЯСИ ЖАҢҒЫРУ СОЗАҚТАН БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша Қазақстанда сайлау жүйесі жетілдірілуде. 2021 жылдан бастап елімізде ауыл әкімдерін тікелей сайлау тетігі іске қосылды. Енді міне, биылғы жылы 5 қарашада пилоттық негізде еліміз бойынша 45 аудан, қала әкімдерінің сайлауы ашық түрде халық таңдауына түсті. Осы ретте, Созақ ауданынан «AMANAT» партиясының кезектен тыс 51 конференциясында Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы кандидат ретінде ұсынылды. Пилоттық режимде өткен әкім сайлауының Созақ ауданы бой-



ынша сайлау қорытындысымен Созақ ауданының әкімі болып Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы сайланды.

АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІ ҚЫТАЙҒА ІССАПАРМЕН БАРДЫ

Бүгінде елімізде іске асып жатқан бағдарламалардың басым бөлігі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыру басты мақсат екендігін атап өтті. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен аудан әкімі Мұхит



Тұрысбеков бастаған созақтық кәсіпкерлер Қытай Халық Республикасына арнайы іссапармен барды. Сапардың негізгі мақсаты - экономикалық даму бойынша халықаралық тәжірибе жинақтап, жаңа технологияларды игеру.

Біздің табыстарымыз бен жетістіктеріміз, бағындырар биіктеріміз бен тың идеяларымыз 2024 жылы да жалғасын табатын болады.

Жаңа жылдан күтеріміз мол. Барша созақтықтар осы жылда бірлік танытып, Тәуелсіз еліміздің дамуына өз үлесін қосатынына сенімдімін. Алдағы жылы да, еліміздің дамуы жолында үлкен қадам жасап, аянбай еңбек етуді жазсың.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

